

«6D050700-Менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Шен Буленттің «Қазақстанда электронды сауданы басқару жүйесін жетілдіру» атты тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына

СЫН ПКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстар жаңа сын-қатерлерді тудырады және мемлекеттік саясаттың халықтың қажетті әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталғандығына байланысты мемлекеттік экономикаға көбірек қатысуына әкеледі. Мемлекеттің жоғары белсенділігінің жанама әсері - бұл халықтың және бизнестің тәуекелге барғысы келмеуі және олардың қазіргі заманғы сын-қатерлерге қарсы экономикалық агент ретінде өзін-өзі ұстауды өзгерту қажеттілігі. Әлемде орын алған COVID-19 пандемиясы электрондық сату мен сатып-алу үдерісін жеделдетті және жаңа компаниялар мен клиенттердің санын күрт көбеюіне өз ықпалын тигізді. Мысалы, Сауда және интеграция министрлігінің деректеріне сәйкес 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында электрондық сауда көлемінің күрт өсуі тіркелді. COVID-19 пандемиясы онлайн-сауданың айтарлықтай өсуіне әкелді және B2C арналары арқылы сатылымды арттырды. Интернет арқылы бөлшек сауда белсенділігінің артуы науқастанғанда және карантин кезеңінде орын алды. B2C арналары арқылы сатылымның артуы өсірелесе дәрі-дәрмектерді, тұрмыстық заттар мен тамақ өнімдерін онлайн сатуда байқалады.

Сонымен қатар елімізде электрондық сауда үлесінің бөлшек саудадағы үлесінің артуына қарамастан, қазіргі уақытта бізде онлайн-желіге толық өту үшін кедергілер бар. Бұл кедергілерге банкаралық төлемдер, көленцелі экономика, эквайринг бойынша жоғары комиссия, шағын және орта кәсіпорындардың дайын еместігі және тауарларды мерзімінде жеткізуінді мүмкін еместігі сияқты мәселелер жатады. Осыған байланысты электрондық коммерцияның өсу қарқынын қолдау үшін нормативтік-техникалық қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру қажет.

Айта кететін болсақ, диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарымен, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен және Электрондық коммерцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі жол картасымен байланысы бар.

Демек, қазіргі таңдағы елімізде электрондық коммерция индустрисының дамыту жолдарын зерттеу, зерделеу қажеттілігі күн тәртібінде тұрған мәселені шешүте өз үлесін косуға ұмтылыс танытып отырған ізденуші Б. Шеннің диссертациясы мемлекеттік сұраныс талабына

сай жазылған, зерттелуі қажетті мәселені негізге алған ғылыми еңбек болып табылады.

2. Диссертацияға койылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері (Ғылыми дәрежелер беру Ережесі)

-«электронды сауда», «электронды коммерция» және «электронды сауда жүйесін мемлекеттік басқару» ұғымдарының категориялдық аппаратының анықтамасы ұсынылды;

-Қазақстанда электронды сауданы басқарудың негізгі алғышарттары мен факторлары бөліп алынды және топтастырылды;

-Қазақстандағы электронды сауда жүйесін басқарудың негізгі элементтеріне сипаттама берілді;

-Қазақстандағы электронды сауданы басқарудың түйінді проблемалары аталмыш процестің негізгі бағыттарына талдау жасау негізінде топтастырылды;

-электронды дүкеннің сауда қызметін, «тұтынушы-сатушы» жүйесінде электронды саудаға катысуышылардың өзара әрекеттерін, сондай-ақ электронды саудадағы тұтынушылар таңдауын дамыту жағдайында компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыруды жоспарлаудың моделі ұсынылды.

Жалпы алғанда, диссертацияның теориялық нәтижелері зерттеу жұмысының негізі болып табылады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы басқаруға қатысты қол жеткізген ғылыми нәтижелер әлемдік тәжірибелі кең пайдаланумен және түйіndeумен негізделген. Нәтижелердің негізділігін жүйелік және үдерістік тәсілдер, логикалық, статистикалық, сараптамалық, салыстырмалы және күрылымдық әдістерін кең ауқымды пайдалану растайды. Талдау нәтижелері электрондық сауда саласын жетілдірумен басқаруға бағытталған ұсыныстардың дұрыстығын дәлелдейді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Диссертациялық зерттеуде алынған ғылыми нәтижелер айтарлықтай жаңалық дәрежесіне ие:

- Бірінші нәтиже ішінәра жаңа болып табылады, себебі жұмыста «электрондық сауда» және «электрондық коммерция» ұғымдарының арақатынасы ашылып, «электронды сауда жүйесін мемлекеттік басқару» ұғымына анықтама берілген;

- Екінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі Қазақстанда электронды сауданы басқарудың негізгі алғышарттары мен факторлары жіктеліп,

топтастырылған;

- Ушінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі электронды сауда жүйесін басқарудың негізгі элементтері сипатталған;

- Төртінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі Қазақстандағы электронды сауданы басқарудың түйінді проблемалары аталмыш процестің негізгі бағыттарына талдау жасау негізінде топтастырылған;

- Бесінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі, электронды дүкеннің сауда кызметін, «тұтынушы-сатушы» жүйесінде электронды саудадағы қатысуышылдардың өзара әрекеттерін, сондай-ақ электронды саудадағы тұтынушылар таңдауын дамыту жағдайында компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыруды жоспарлаудың моделі әзірленген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық жұмыстың үйлесімді сипаты электрондық сауданы қалыптастырудың теориялық негіздерін зерттеуге және оны жетілдіру мен басқару бойынша ғылыми-практикалық ұсыныстарды негіздеумен ерекшеленеді. Автор белгілентген мақсаттан, тұжырымдалған міндеттерден, таңдалған зерттеу тақырыбынан ауытқымайды, анықталған зерттеу нысанын катаң түрде ұстанады. Ғылыми нәтижелер, қортындылар мен тұжырымдар ішкі үйлесімділікке ие, әрбір тұжырым жалпыдан жекеге қағидасына сай калыптастырылған.

6. Алған нәтижелерінің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы мен құндылығы.

Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы жетілдіру және оны басқарудағы ізденушінің авторлық ұстанымын көрсетеді. Электрондық сауданың ғылыми негізделген даму кезеңдері, ұйымдастыру құрылымы, әсер ететін факторлары оны жетілдіру жолдарын және басқару туралы теориялық және тәжірибелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы жетілдіруге және басқаруды зерттеу мен бағалаудың ғылыми-әдістемелік құралдарын, заңнамалық базасы мен ерекшеліктеріне арналған маңызды ғылыми мәселенің шешімі бар.

Осылайша, диссертациялық зерттеудің нәтижелері теориялық тұрғыдан құнды болып келеді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтырылуна растама.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 10 мақала түрінде жарияланған, соның ішінде: КР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен бекітілген журналдарда-3 мақала, Халықаралық конференциялардың материалдарында-6, импакт-фактор «Scopus» базасына кіретін ғылыми базада-1 мақала.

Диссертация нәтижесі «Қазпочта» Акционерлік қоғамы оңтүстік Қазақстан филиалының басқару қызметіне енгізілген.

8. Диссертация мазмұны және рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

Диссертациялық зерттеу барысында автор тарапынан жіберілген кемшіліктер ретінде келісілерді атап өтуге болады:

1) Диссертациялық жұмыста электрондық сауданы басқару мен дамыту тетіктеріне көп коніл бөлінген, алайда электрондық коммерцияның әлеуметтік әсері назардан тыс қалған.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер докторанттың диссертациялық жұмысындағы алынған жана ғылыми нәтижелердің маңыздылығын кемітпейді.

9. Диссертацияның тиісті мамандық бейіні бойынша философия докторы (PhD), доктор ғылыми дәрежелерін беру қағидаларының талаптарына сәйкестігі.

Шен Буленттің «Қазақстанда электронды сауданы басқару жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің біліктілік талаптарына сай орындалған. Диссертация авторы Шен Булентті «6D050700-Менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір білдіруші:

М.Ауезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университетінің

«Экономикалық теория»

кафедрасының доценті, з.е.к.



Г.Ж. Уразбаева